



Оқшау сөздер, түрлері: қаратпа, қыстырма, одағай сөздер. Тыныс белгісі

Оқшау сөздер **қызметіне** қарай **үш** түрге бөлінеді: 1) **қаратпа** сөздер; 2) **қыстырма** сөздер; 3) **одағай** сөздер.

Сөйлеуші тыңдаушының назарын өзіне аудару үшін қолданылатын сөздер қаратпа сөздер деп аталады. **Көркем әдебиетте, әсіресе, поэзиялық шығармаларда қаратпа сөз жансыз заттарға** қаратылып та айтыла береді.

Қаратпа сөз сөйлем ішіндегі басқа сөздерден **үтір** арқылы ажыратылады. Қаратпа сөз **сөйлемнің басында** келсе, одан **кейін үтір** қойылады. Мысалы, **Балалар, бұл жол басы даналыққа. Аяғөз, қайда барасың? Туған жер, тауыңда туып, тасыңда өстім!**

Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, **екі жағынан үтір** қойылады. Мысалы, **Атқа қонайық, жігіттер, аттанатын да уақыт болыпты.**

Қаратпа сөз сөйлемнің соңында келсе, **алдынан үтір** қойылады. Мысалы, **Түнде жыламас болар, қарағым.**

Қаратпа сөз сөйлем басында келіп, **көтеріңкі дауыспен айтылса**, одан **кейін леп белгісі** қойылады. Мысалы, **Шығыс ұлы! Өткен жылы бастан кешірген ауыр күндерді есіңе алшы.**

Көтеріңкі дауыс ырғағымен айтылған қаратпа сөз **сөйлем соңында** келсе, одан **кейін леп белгісі** қойылады. Мысалы, **Сонау туған өлкең Арқаны есіңе түсірші, Шығыс ұлы!**

Сөйлеушінің **түрлі көзқарасына байланысты** қолданылатын сөздер не сөз тіркестері **қыстырма сөздер** деп аталады. Қыстырма сөздер мағынасына қарай төмендегідей топталады:

1. Сөйлемдегі ойға **сендіру мақсатындағы** қыстырма сөздер: **әрине, әлбетте, рас, шынында, шынын айту керек, жасыратыны жоқ, турасын айтқанда, әділіне келгенде**, т.б.
2. Сөйлемдегі ойға **күмән келтіру мағынасындағы** қыстырма сөздер: **сірә, мүмкін, шамасы, меніңше, қалай екені белгісіз**, т.б.
3. Алдыңғы айтылған ойға **қорытынды жасау мақсатындағы** қыстырма сөздер: **қысқасы, тоқ етері, демек, түйіп айтқанда, сайып келгенде, жалпы алғанда**, т.б.
4. **Көңіл күйге байланысты** қыстырма сөздер: **бәсе, бақытымызға қарай, амал не, өкінішке орай, сәті түсіп**, т.б.
5. Ойды санамалап айту үшін қолданылатын қыстырма сөздер: **ең алдымен, екінші жағынан, біріншіден**, т.б.

Қыстырма сөздің **тыныс белгісі – үтір**. Қыстырма сөз:

- сөйлем **басында** келсе, одан **кейін**;
- сөйлем **ортасында** келсе, **екі жағынан**;
- сөйлем **соңында** келсе, **алдынан үтір** қойылады.

Мысалы, Әрине, еңбексіз ер де, жер де көгермейді. Қорыққандықтан ба, әйтеуір, екі аяғы дірілдеп кетті. Менің айтқандарымды ұмытып кеттің-ау, сірә.

Айтылған ойға **сөйлеушінің** немесе **жазушының** түрлі **сезімін, көңіл күйін білдіру мақсатында** айтылған сөздің түрі **одағай сөздер** деп аталады. Одағай сөздердің тыныс белгісі – **үтір**. Мысалы, **Па, шіркін! Керемет екен! Ертерек білмегенімді қарашы,**

әттеген-ай!

Логикалық көтеріңкі екпінмен айтылған одағай сөз **үтірмен** ажыратылып, **сөйлем** соңына **леп белгісі** қойылады.